

Негізdemelіk келісім пайдаланылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 17 қантардағы № 44 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 18 қантарда № 26525 болып тіркелді

ЗКАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.07.2022 бастап қолданысқа енгізіледі

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31-1-бабы 1 -тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған негізdemelіk келісім пайдаланылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік сектордың сатып алуы заңнамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2022 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

E. Жамаубаев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2022 жылғы 17 қантардағы
№ 44 бұйрығымен
бекітілген

Негізdemelіk келісім пайдаланылатын конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесі

№	Тауарлардын, жұмыстардың, қызметтердің атауы	Негізdemelіk келісімдерді пайдалана отырып конкурс өткізуге уәкілетті бірыңғай үйымдастырушының атауы
1.	Бекітілген телефондық байланысы, ұялы байланыс және Интернетке қол жеткізу бойынша қызметтер	облыс ауданы, облыстық маңызы бар қалалар, облыстық маңызы бар қаладағы ауданының, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың мемлекеттік сатып алуды бірыңғай үйымдастыруши
2.	Жанармай (АИ-92, АИ-95, АИ-98), дизельдік жанармай (жазғы, қысқы, арктикалық)	облыс ауданы, облыстық маңызы бар қалалар, облыстық маңызы бар қаладағы ауданының, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың мемлекеттік сатып алуды бірыңғай үйымдастыруши

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК